



The image features a light blue gradient background with a prominent diagonal blue line running from the bottom-left towards the top-right. The text is centered in the middle of the page, overlapping the diagonal line.

Баланың қауіпсіздігі

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕСІ БОЙЫНША ОН КҮНДІК ШАРА
ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Жауаптылар
1	Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында медицина қызметкерлерінің қатысуымен бірыңғай тәрбие сағаты 7-11 кл		Сынып жетекшілер
2	«Ерте жүктіліктің қауіп-қатері» тақырыбында Қыз балалар клубтарының отырысы	Тұрақты	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Султаналина А.Б. Аманбай А. Психолог: Палагута А.М
3	Ер балалармен түсіндіру жұмыстары Тақырыбы: Құқықтық жауапкершілік Жыныстық тәрбие Интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік Рухани-адамгершілік тәрбие		Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Султаналина А.Б. Аманбай А Психолог: Палагута А.М
4	«Кәмелеттік жасқа жетпей жыныстық қатынасқа түсудің қаупі мен зардаптары» Маман кеңесі (уролог және гинекологтың қатысуымен)		Медбике: Придуха Я.В Сынып жетекшілер
5	«Балам үйде – қылығы түзде...» тақырыбында дөңгелек үстел (Ата –аналармен кездесу)		Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Султаналина А.Б. Аманбай А Психолог: Палагута А.М
6	«Өмірлік мотивация» Тұлғалық дамуға арналған психологиялық тренингтер, толеранттылықты қалыптастыруға және дамытуға бағытталған сабақтар		Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Султаналина А.Б. Аманбай А Психолог: Палагута А.М
7	«Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие процесінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру» әке мен ананың рөлі туралы тәрбие сағаты 1-4 кл		Сынып жетекшілер
8	«Психологиялық қауіпсіздік» ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсету	Үнемі	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Султаналина А.Б. Аманбай А

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  Султаналина А.Б.
 Аманбай А

«Ақмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «**Жыныстық тәрбие**» Қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында медицина қызметкерлерінің қатысуымен бірыңғай тәрбие сағаты

Мақсаты:

Жасөспірімдерде салауатты өмір салтына, отбасындағы амандық пен бақытқа деген құнды көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: класс жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі:


2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Жыныстық тәрбие» іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді. 7-11 сыныптар арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Қыз балаларға ерте жүктілік туралы айтылды. Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді, жүрек қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме түседі. Бұның қиындығы — жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, таксикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес!

Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?

Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы — жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпта әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланған жүктіліктің 90 пайызы отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді.

Ерте жүктіліктің қалай алдын алуға болады?

Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі — сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-ана баласымен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптарды оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба?! Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма?! Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек.

Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.
Аманбай А

«Ақмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: **«Жыныстық тәрбие» «Ерте жүктіліктің қауіп қатері» тақырыбында қыз балалар клубының отырысы**

Мақсаты:

Жасөспірімдерде салауатты өмір салтына, отбасындағы амандық пен бақытқа деген құнды көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету. - Оқушыларға «Отбасы» туралы, оның құндылығы туралы түсінік беру. Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата - ана алдындағы парызын өтеуге, жанұяның мақтаншы болуға тәрбиелеу.

- Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын-алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып, қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама



Жауаптылар: Қыздар клубы жетекшісі

Орындау мерзімі: сәуір

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Жыныстық тәрбие» іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді. 7-11 сыныптар арасында қыз балаларға түсінік жұмыстары жүргізілді. Ерте жыныстық қатынасқа түскен көптеген жасөспірім қыздар ерте жүкті болып қалып, өзін де, ата-анасын да қайғы-мұңға батыруда. Олардың арасында ар-ұяттан айырылып, жезөкшелік жолға түсіп жатқандары да қаншама. Бұл – қазақ үшін ұлттық қасірет. Ерте жүктілік – бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жетімсіздігі. Бірқатар отбасында аталған тақырып төңірегінде әңгіме-сөздің қозғалмауында.

– Ерте жүктілік деп 13-18 жаста болатын жүктілікті айтамыз. Осы уақытта қыз баланың өтпелі кезеңі басталып, ағзада гормондық қайта құрылу үрдісі жүреді. Ерте жүктілік несімен қауіпті? Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді. Жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе, басқа да ішкі ағзаға үлкен салмақ түседі. Мұның қиындығы – жас анада көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоз болады. Ерте жүктілікте қыздың ағзасы осындай жүктемеге әзір болмайды. Сол үшін ең дұрысы – ерте жүктіліктен сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтану жайында орта мектепте ата-анамен, сынып жетекшімен жиі әңгімелесу керек. Сондай-ақ, жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу да көп көмегін береді. Егер қыз жыныстық қатынасқа ерте түссе, ол оның салдарын білуі тиіс.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.
 Аманбай А

«Ақмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Жыныстық тәрбие» Ер балалармен түсіндіру жұмыстары

Құқықтық жауапкершілік

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: Ұл балалар клубы жетекшісі


Орындау мерзімі: сәуір

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Жыныстық тәрбие» іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді.

Сондай-ақ мектеп жасындағы балалардың түнгі уақытта көшеде жүрмеуі, ойын-сауық орталықтарына бармауы және сабақтан тыс кездегі бос уақытын тиімді пайдалану жайындағы ұсыныстарымен сөз сөйледі. Жолда жүру ережелері, бала өмірінің қауіпсіздігі, тәртіп бұзушылық туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектеп психологі және тәрбие бөлімі 1 тоқсанға арналған жұмыс жоспарын жасақтап, бекітті. Жоспарға сай құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен кездесулер, түнгі уақыттағы рейд шараларын өткізіп отыру арқылы құқықбұзушылықтардың алдын алу мүмкіндігі артады деген ойдамыз.

Ұлдар жиналысына 5-10 сыныптар бойынша барлық ұл балалар қамтылды түнгі уақытта көшеде жүруге болмайтындығы жайында айтып түсіндіру жұмысын жүргізді. Жүрген уақытта ата-аналарының жазаға тартылатындығын айтып түсіндірді.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.
Аманбай А

«Акмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Жыныстық тәрбие» Кәмелеттік жасқа жетпей жыныстық қатынасқа түсудің қаупі мен зардаптары

Максаты:

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: класс жетекшілер


Орындау мерзімі: сәуір

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негізінде “Жыныстық тәрбие” іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді.

1. Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады? Ерте жүктілік немен қауіпті? Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады. Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жасаналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес! Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Жиналыста қыз балалардың жеке гигиенасы, достармен және құрбылармен күнделікті қарым – қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидалары туралы айтылды. 2. Ерте жүктілік деген не? Мектеп психологы Палагута А.М сөйледі. Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді. Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар? Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі – проблемадан сақтану. Психологиялық кенестермен бөлісті.

Қыздар ұйымының жетекшісі «Қызға қырық үйден тыю» тақырыбында баяндама оқыды. Әңгіме барысында қыздар өздерінің ойларындағы сұрақтарын қойып, сұрақ-жауап, пікір алмасуға ұласты. Қыздармен әңгіме өз деңгейінде өтіп, қыздар өздеріне қажетті мағлұматтар алды.

Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.
Аманбай А

«Ақмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Жыныстық тәрбие» «Балам үйде-қылығы түзде»
Мақсаты:

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: класс жетекшілер

Орындау мерзімі: сәуір

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Жыныстық тәрбие» іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді.

Қазақ ертеден бала тәрбиесіне ерекше назар аударған. Қызды әрдайым жат жұрттық деп, ер баланы отау иесі болады деп тәрбиелеген. Сол дәстүрдің арқасында, елдің анасы атанған талай қыздармен аналардың, ерлігімен ел қорғаған талай азаматтың есімі бізге жетті. «Баланды тәрбиелеймін десең, алдымен өзінді тәрбиеле» деген сөз бар. Бұны педагогикада өнегелік тәрбие дейді. Яғни ата-ана өз баласына үлгі-өнеге болуға тырысуы керек. Ата-аналар «балам жаман болмасын» десе де, сотқар балалар қайдан шығады? Осы күннің өзекті мәселесі туралы мамандардың пікірлерін білген едік...

Қазіргі заманда қыз тәрбиесі мен ұл тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз-деп бекер айтпаса керек. Халқымыздың ерте кезден- ақ Адамгершілікті, әдепті жоғары бағалай білген. Отбасы-қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы-әйіл адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған үлгі-өнеге көрген қыз бала қайда болса да келін болғанда да көргендігін көрсетеді. Ал жақсы тәрбие алған үлгі-өнеге көрген қызулар жау келгенде де жайдақ тақа мініп шабатын өжет, батыл, адал, жеріне туған халқына ыстық ықыласты, үлкенге де, кішіге де қамқор бола білген ғой. Әдептілік, инабаттылық сыйлау жағынан халқымыз алдыны жан салмаған. Бір өкініштісі уақыт өткен сайын осынау асыл қасиеттерімізден айырылып бар жатқандаймыз.

Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары:



Султаналина А.Б.
Аманбай А

«Ақмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Жыныстық тәрбие» «Балам үйде-қылығы түзде»

Мақсаты:

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: класс жетекшілер

Орындау мерзімі:


Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негізінде “Жыныстық тәрбие” іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді.

Қазіргі заманда қыз тәрбиесі мен ұл тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз-деп бекер айтпаса керек. Халқымыздың ерте кезден- ақ Адамгершілікті, әдепті жоғары бағалай білген. Отбасы-қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы-әйіл адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған үлгі- өнеге көрген қыз бала кайда болса да келін болғанда да көргендігін көрсетеді. Ал жақсы тәрбие алған үлгі өнеге көрген қызулар жау келгенде де жайдақ тақа мініп шабатын өжет, батыл, адал, жеріне туған халқына ыстық ықыласты, үлкенге де, кішіге де қамқор бола білген ғой. Әдептілік, инабаттылық сыйлау жағынан халқымыз алдыны жан салмаған. Бір өкініштісі уақыт өткен сайын осынау асыл қасиеттерімізден айырылып бар жатқандаймыз.

Ер бала еңбекке ерте бейімделеді сөйтіп ауылдың ересек балаларымен, құрбыларымен, ағалары, әкелерімен бірге шаруашылыққа қарауға, әңгіме тындап, ертегі айтуға өлең айтып, ән салуға бейімделген. Демек қазақ халқының жігіті сегіз қырлы, бір сырлы болсын дегені тегін емес. Қазақ отбасында ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі үлкен Сондықтан өз ұлына бар өнерін, естіген –білгенін түгел үйретуге тырысқан. Алегер әр ұл өз тарапынан ағаға, әкеге еліктеген.

Қыз бала анасының тәрбиесінде болған. Қыз қылығы түзде демекші той- томалақ, көп адам жиналған жерде көзге түседі, сыналады. Ондайда өзінің ұстамдылығымен, сергек – сезімталдық ептілігімен, сөзге ұсталығымен көзге түсіп, жұртты тамсандырған.

Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.
Аманбай А

«Ақмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Жыныстық тәрбие» «Өмірлік мотивация»

Мақсаты: оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау; өмірдегі орны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау.

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: класс жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру” негізінде “Жыныстық тәрбие” іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді. Өмір дегеніміз – адам баласының туған күнінен бастап, осы күнге дейінгі жүрген жолы. Өмір былайша алып қарағанда төрт-ақ әріптен тұратын сөз. Алайда осынау сөзге қаншама ұғым сыйып жатыр десеңізші. Оның әрбір мезеті сынақтан тұрады. Қиындық пен қуаныш кезектесіп жетіп отырады. Бір ағамыз: “Өмір – сырын білгізбейтін тентек ат секілді, қай жағыңнан келіп тебетінін білмей де қаласын” деген екен. Иә, шынында да солай. Басқаша алып қарағанда өмір шеті де, шегі де көрінбейтін үлкен өзен тәрізді. Ал, біз сол өзенде ақырын жүзген қайықпыз Олай болса, Өмір адамға бірақ рет беріледі. Осы қамшының сабындай қысқа ғана өмірде бір-бірімізбен тек сыйласып өткенге не жетсін.

Әр адамның ережесі-өз жүрек қалауымен жүру және батыл әрекет жасау. Сол сияқты иығыңды тіктеп, жарқын көңілмен іштей табысқа жетуге талаптанып,

Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары



Султаналина А.Б.
Аманбай А

«Ақмырза аулдың жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде
Білім алушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша онкүндік өткен шараға
АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «**Жыныстық тәрбие**» «Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу тәрбие процесінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру»

Мақсаты:

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: класс жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде «Жыныстық тәрбие» іс шара жоспары бойынша шаралар өткізілді.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың асырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүйоден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хаққай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек.

Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары:



Султаналина А.Б.

Аманбай А